

**А. Еркинова, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Г. С. Оспанова, оқытушысы**  
**(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі)**

## **ЖАСЫЛ ЕЛ — ЖАРҒЫН БОЛАШАҚ**

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары 2005 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауы негізінде құрылған көшбасшы жастар ұйымы. «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бағытында аталмыш Жолдау негізінде 2005 жылы 18 ақпанда «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы өз жұмысын бастады. Штабтың негізгі мақсаты - жастардың көмегімен елімізді көгалдандыру, абаттандыру, сол арқылы студенттер мен жұмыссыз жастарды еңбекпен қамтып, жас ұрпақ арасында патриоттық және экологиялық тәрбиені насихаттау. 2005 жылдың 18 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті студенттердің көмегімен елімізде экологиялық жағдайды жақсарту жайын тапсырған болатын. Сол жылдың шілде айында Қостанай облысының жастары бұл маңызды жұмысқа қызу кірісіп кетті. Бүгінде «Жасыл ел» экологиялық қозғалысындағы жастардың қатары көбейіп келеді.

«Жасыл ел» бағдарламасының негізгі мақсаты — аймақтағы орман шаруашылығын көздің қарашығындай қорғап, өлкемізді көгалдандыру болып табылады. Өткен 9 жыл ішінде Қарағанды облысында «Жасыл ел» штабы қыруар жұмыс тындырды. Мысалы, былтыр 16 мен 28 жас аралығындағы жастардан құрылған 242 еңбек жасағы жұмыс істеді. 4,5 мың адам «Жасыл елдің» сарбазы атанып, облыс аймағында 9,5 мың түп ағаш отырғызылды. Олар 34 мың шаршы метр қоқысты сыртқа шығарды. Ағаш отырғызып, қоқыс жинаумен қатар өскен қалың шөптерді орып, ағаштарды баптады. Бордюрлерді ақтап, елді-мекен көшелерін абаттандырды.

Елімізде бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Жасыл ел» бағдарламасы жастар бітірер істің қомақты екенін көрсетті. Жұмыспен облыс көлеміндегі жоғары және орта арнаулы білім беру оқу орындарының студенттері қамтылды. Елімізді көгалдандыру мақсатында қолға алынған аталмыш бағдарлама бүгінгі күнде жастар тарапынан да қолдау табуда. Осы уақытқа дейін жасыл елдіктер Қарағанды, Жезқазған, Теміртау қалалары мен Балқаш, Сәтбаев, Сарань, Нұра аудандарын көгалдандыруға белсене ат салысты. Болашақта Қарағанды облысындағы «Жасыл ел» штабы өзінің ауқымын кеңейтіп, жастарды жұмыспен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бұл олар үшін өте тиімді. Себебі, жаңа жұмыс орындары ашылады. Жұмыспен қатар бос уақыттарын көңілді өткізу үшін штаптағылар би кештері мен түрлі көңілді ойын-сауық кештерін ұйымдастырады.

Соңғы уақытта облыс әкімдігі ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Ауылдың гүлденуі — Қазақстанның гүлденуі» республикалық марафон-эстафетасының негізінде түрлі акциялар өткізіледі. Атап айтсақ, «Таза бұлақ», «Таза аула — таза подъезд». Арнайы киімімен ерекшеленген «Жасыл ел» жасақшыларының ісіне жұрт ризашылығын білдіруде. Биыл 900 жастарды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Соның ішінде 450-і Қарағанды қаласын көгалдандырады. Жалпы, бағдарламаның алға қойған мақсаты жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, елді-мекен айналасын жасыл ағаштармен көркейту, сонымен қатар жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Ең бастысы — жылына қаншама жастарды осы істерге тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету.

«Жасыл ел» бағдарламасы жастар үшін жақсы бастама. Қаншама студенттеріміз бос уақытын тиімді өткізе отырып еліне қызмет етуде. Бір жағынан елімізді гүлдендіруге, көгалдандыруға ат салысса, екіншіден, әрбір жас өзінің бос уақытын игі іске жұмсауы қуантарлық жайт. Сондықтан осындай іс-шараларға барлық оқу орындары ат салысса, тіптен жақсы болар еді. Жалпы «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары студенттерді жұмыспен қамти отырып, қоғамдық маңызы бар бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды.

Экологиялық ахуалды жақсарту, қоршаған ортаны қорғау мақсатын көздеген бағдарлама одан әрі жалғасын табары айдан анық. Бағдарламаның қалыптасу кезінен бастап, елімізде бірқатар пайдалы акциялар өткізілді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келеек, қазір «Жасыл ел» — жастарды жарқын істерге жұмылдыру мектебіне айналып отыр.